



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 26 мамыр мен 2 маусым аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2023 жыл, 5 маусым

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 2 маусымда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,5%-ға (445,68 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 447,9 теңгені құрады.


2023 жылғы 26 мамыр мен 2 маусым аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Мысалы, АҚШ Еңбек статистикасы бюросының деректері бойынша, ауыл шаруашылығына жатпайтын сектордағы жұмыс орындарының саны мамырда 339 мың адамға артты. Нарықтық болжам – 190 мың. Дәл сол кезеңде жұмыссыздық деңгейі 3,4%-дан 3,7%-ға дейін өсті. АҚШ сенаторлары 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін лимиттің қолданылуын тоқтата тұруды көздейтін мемлекеттік борыштың ең жоғары шегі туралы заң жобасын мақұлдады. Қытайдың өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) мамырда 48,8-ге дейін төмендеп, бес айда ең төменгі көрсеткішті жаңартты.

Жоғарыда аталған факторлар дамушы нарықтарда валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын көрсетті. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ динамикасы төмендегідей қалыптасты:


- **Бразилия реалы** 0,8%-ға (5-тен 4,96-ға дейін) нығайды. Бразилия конгресінің төменгі палатасы президент кабинетінің құрылымын құру бойынша уақытша шараны мақұлдады;
- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ ФРЖ мөлшерлемелерін арттырудың барынша баяу қарқынын күту аясында 0,6%-ға (19,65-тен 19,53-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ-тағы жұмыспен қамту туралы мамыр айындағы есептің шығуы аясында 0,4%-ға (17,63-тен 17,56-ға дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** шетелдік капиталдың айтарлықтай әкелінуі аясында 0,3%-ға (82,57-ден 82,31-ге дейін) нығайды. Акционерлік капиталға таза шетелдік инвестициялар мамырда 5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл – өткен жылдың тамыз айынан бергі ең жоғары көрсеткіш;
- **Индонезия рупиясы** ішкі жабдықтауды қамтамасыз ету үшін сұйытылған табиғи газ экспортына жаңа шектеуді қарастыру аясында 0,3%-ға (14955-тен 14994-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының төмендеуіне және салық кезеңінің аяқталуына байланысты экспорт түсімінің қысқаруы аясында 1,8%-ға (80,06-дан 81,5-ке дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** қайта сайланған ел президенті Режеп Тайып Ердоғанның инфляцияның рекордтық көрсеткіштеріне қарамастан, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету саясатын ұстанатыны туралы пікірі аясында 4,8%-ға (19,97-ден 20,93-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2023 жылдың басынан бастап 2 маусымға дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2023 жылғы 26 мамыр мен 2 маусым аралығында)**



**Дамушы елдердегі валюталардың динамикасы
(2023 жылғы 19 мамыр = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz